
БІЛІМ БЕРУДЕ ИННОВАЦИЯЛАР МЕН ДӘСТҮРЛЕР ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ TRADITIONS AND INNOVATIONS IN EDUCATION

ӘОЖ 378.0

А.Р. Боранбаева¹, К.М. Беркімбаев¹, К.М. Арымбаева²

¹Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан;

²М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: aktolkyn81@mail.ru)

Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуының мәселелері мен перспективалары

Мақалада болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуының мәселесі ақпараттық заманауи ортада дамуының компоненті ретінде, сонымен бірге қазіргі жастардың өз бетінше білім алуға деген құлшынысы, жеке адам үшін өздігінен білім алу қоғамдық тұрғыда маңызды және пайдалы, жалпы және кәсіби білімін тиімді арттыруға бағытталған. Өздігінен білім алу мәселесінде әдіснамалық зерттеу тұғырлары және психологиялық-педагогикалық еңбектер талқыланып, өздігінен білім алудың аспектілері тарихи-философиялық даму тұрғысынан қарастырылды. «Өздігінен білім алу» ұғымы авторлармен нақтыланып, заманауи жағдайға байланысты мұғалім маман ретінде кәсіби әрекетін жүзеге асыруда қолданылады. Студенттердің танымдық әрекетінің деңгейі және ерекшеліктері өздігінен білім алуға дайындығының негізі ретінде көрсетілген. Өздігінен білім алуда анықталған белгілер мен қызметтер, өздігінен білім алу мәселесінде өмір бойы қанықтыру құралы болып табылады. Кәсіби дайындық үдерісінде өздігінен білім алуға деген болашақ мұғалімнің ынталандыру жолындағы әзірлемесін, өздігінен білім алу әрекетінің қабілет шарттарын, өздігінен білім алуға және өзін-өзі дамытуға деген студенттің қарым-қатынас міндеттерін авторлар зерттеу кезінде анықтаған.

Кілт сөздер: өздігінен білім алу, білім, технология, құзыреттілік, кәсіби, ақпараттық, білім беру жүйесі, өзін-өзі оқыту, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жасау.

Интеграция шарттарына сәйкес Қазақстанның әлемдік академиялық қауымдастығының қалыптасуы және жоғары оқу орындарындағы ашық білім беру кеңістігінің жағдайы заманауи талаптарға байланысты жоғары кәсіптік білім беру сапасын жоғарлату басты мәселе болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халыққа Жолдауында, ең алдыменен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі қажет делінген. Біздің мақсатымыз – білім беру жүйесін экономикалық өсудің жаңа моделінің негізгі өзегіне айналдыру. Оқу бағдарламаларын сын тұрғысынан ойлау қабілеттіліктің дамуы және ақпаратты өз бетінше іздеу дағдыларын қалыптастыруға бағыттау қажет. Осы аталған мақсаттарда кәсіби стандарттарды еңбек нарығы және өндірісте оқыту сияқты әлемдік озық тәжірибе талаптарына сәйкес жаңарту қажеттілігі туындауда.

Сонымен қатар жоғары білім беру жүйесінің сапасына ерекше назар аударылатын болады. Жоғары оқу орындарындағы кадрлар құрамының сапасына, білім беру бағдарламалары мен материалдық-техникалық базасына қатысты талаптар мен бақылауды күшейту қажет [1].

Үздіксіз білім беру концепциясы жаһандық ақпараттық қауымдастықты өрістетудің базалық механизмі, білім беру мен өздігінен білім алудағы әлеуметтік қызметтердің айтарлықтай өзгеруі, олардың мақсаттары, мазмұны, функциялары және технологиялары болып табылады.

Әлем жаңаруының негізгі тірегі білім беру мен өздігінен білім алу болып табылады. Неғұрлым өздігінен білім алу қарқынды және кең болған сайын, соғұрлым білім беру жүйесіндегі үрдістің және

ондағы субъектінің дамығанын білдіреді. Қоғамның индустриалды кезеңнен ақпараттық дамуға өтуіне байланысты өздігінен білім алуын жетілдірудің қарқындылығы мен кеңдігі білім беру жүйесінде адамды аса дамыған субъект ретінде қоршаған әлемнің жанаруына, қайта құрылуына әкелетін білім берудің сапалық өзгерістерін көрсетеді.

Қоғамның динамикалық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени трансформация жағдайларында өздігінен білім алу адамның оң нәтижелі мақсаттатының бірі болып табылады.

Өздігінен білім алу мәселесі қазіргі қоғамның ақпараттық үрдістерінің дамуының негізгі тенденцияларының келесідей контексттерін қамтиды, атап айтсақ: қоғамда ортақ мағыналық ақпараттардың үнемі артып отыруы, интенсивті процестегі «білімнің толығуы» әртүрлі қоғамдық топтар білім беру әрекетінің түрлі жағдайларға сәйкес дамуы, бейімделуі, қамтамасыз етуі, қоғамдық ортада ортақ мағыналық сипатын жинақтауды көрсетуі, сонымен бірге жалпыға маңызды ақпараттың үнемі артып отыруы, шаруашылық, саяси және когнитивті құрылымдар аясында өзара ақпарат алмасуының қарқынының күшеюі, ақпарат алмасудың түрлі ұйымдастырушылық формалары және құралдарымен көрсетілген мәліметтермен алмасу жылдамдығының ұлғаюы, байланыс арналарының өткізгіштік қабілеттерінің өсуі, жеке және топтық тілдесу дәрежесінің ұдайы көтерілуі.

Білім беру жүйесі — өзін-өзі тәрбиелеу және өздігіне білім алудың негізі көзі, ал өзін-өзі дамыту — мектеп өз қызметтерін жүзеге асырудың аса қажетті тірегі. Адам тәрбиеден емес, өздігінен білім алудан және өзін-өзі дамытудан бастау алады. Өздігінен білім алу педагогиканың категориясы ретінде педагогика және психология ғалымдарын көптеп қызықтыруда.

Орыс халқының ұлы педагогы, ұстаздық антропологияның негізін қалаушы К.Д.Ушинский «Еркін және сүйікті қызметтің жалғыз өзі ғана адам жанының барлық талаптарын қанағаттандырып, іздеген қажетті әлемін тауып бере алады», — деп нақты анықтама берген [2]. Кеңес уақытының көрнекті психологы Д.Б.Эльконин: «Білім беру әрекеті дегеніміз — ең алдыменен оны жүзеге асыру барысы мен нәтижесінде әрекеттерге бағытталған субъектідегі өзгерістердің пайда болуы», — деп жазған [3].

Өздігінен білім алу – тұлғаның өз бетінше белсенді, өзін-өзі реттеу қабілетті, тұлғалық және кәсіби маңызға ие, өзін кемелдендіру мақсатында әлеуметтік тәжірибені іздеу мен игеруге бағытталған танымдық әрекеттер жиынтығы. Өздігінен білім алуды екі түрлі мәнде қарастыруға болады: тікелей мағынада – «өзін-өзі оқыту» (тар мағынада – өздігінен оқу) және «өзін-өзі жасау» (кең мағынада – өзін қалыптастыру, өзін құрастыру). Екінші мағынада өздігінен білім алу тұлғаны шығармашылыққа жақындататын адам қызметінің репродуктивтіден продуктивті механизмге айналу түрі болып табылады. Әлбетте, қоғамдық түрлендірулер мен катаклизмдер кезеңінде білім беру үрдістері және өздігінен білім алу жаппай сипат алып жатқан кезде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік ортаның ажырамас бөлігі болады. Мұны А.Я.Айзенберг, Б.М.Бим-Бад, А.К.Громцева, В.В.Серіков және басқа да авторлар атап кеткен.

Өздігінен білім алу әлеуметтік категория болып табылады. Әлеуметтік ортада жаппай белең алаған, сол жылдары әлеуметтік өзгерістердегі басты мәселе, қоғамда тапсырмаларды қарқынды шешуге көмектесу болды. Бұл аталған категорияның мазмұнын үнемі заманауи тәртіпте иілгіш, бейімделгіш етеді. Шет елдерде соңғы жылдары халықтың «жасы үлкендер категориясы» арасында, сонымен қатар адам өмір бойы білім алуды бос уақытта ұйымдастыруға көңіл аударылып жүр. В.В.Серіковтің берген анықтамасында өздігінен білім алудың төрт қызметі – тәрбие, оқу, даму және кәсіби дайындық кіреді: «Өздігінен білім алу дегеніміз – адам өзіне қатысты тәрбие, оқу, даму және кәсіби дайындығын алдына қойған мақсаттарға сәйкес жүзеге асыруы арқылы әлеуметтік тәжірибені іздеу және игерудің құралы».

Зерттеуші Ю.Е.Калугин В.В.Серіковтің көзқарасын толықтыра отырып, өзінің анықтамасында өздігінен білім алуда іс жүргізудің мәнін аша, адамның өзін-өзі дамытудың құрамдас бөлігі ретінде қарастырған. Ол: «Әлеуметтік тәжірибенің белгілі бір элементтерін меңгеруге өздігінен білім алу біліктерін салу үрдісі кәсіби сипаттарды қалыптастыру бағдары, танымдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету амалы түріндегі өзін-өзі дамытудың бір бағыты бола отырып, көпфункционалды ізденіс құралы», — деп санайды [4].

Көптеген авторлардың пікірінше, тұлғаның тарапынан өздігінен білім алуды жүзеге асыру үшін әуелі өз бойында қандай да бір қабілеттер мен қасиеттерін анықтап, оларды дамытып, яғни бастапқы кезеңді өткеруі тиіс, демек, жоғарыда көрсетілген әрекеттерге өзін дайындауы қажет деп санайды. Аталған кезеңді Г.И.Берецков дайындық курсы деп түсіне отырып, үрдісте – оқудың тұлға үшін қоғамдық маңызды және пайдалы, өзінің жалпы және кәсіби білімін тиімді көтеруге бағытталған,

барлық жұмыстың ғылыми ұйымдастырылуы, ой еңбегінің мәдениетінің өздігінен білім алу әрекетінің білігі мен дағдыларын қалыптастыру, мақсатты бағытталған әрекеттерді қамтитын педагог немесе құзыретті тұлғаның көмегіне жүгінетін білім алудың ерекше үрдіс түрі деп анықтаған [5].

В.В.Сериковтің кіріспесін негізге ала отырып, өздігінен білім алуға дайын тұлғаның жағдайында педагогикалық әрекеттестік арқылы дамытын, тұлғаның жалпылауыш және дербес сипаттамалары шегінде, өзін-өзі тәрбиелеуді, өзін-өзі тануды, өзін-өзі кемелдендіруді, рухани өсуін, өзін-өзі танытуды қамтитын өздігінен білім алуда алдына қойған мақсаттарға қолжеткізу және жүзеге асырудың кең мағынасында өзара байланыстағы кешенді түр ретінде қарастырамыз. Дәл осындай аталған сипаттарға ие тұлға қоғам үшін маңыздылық білдіретін болады және нәтижесінде ол туралы кәсіби, әлеуметтік, рухани және өмірдің басқа да салаларында тұрақтыланған деп баға беруге болады. Тұлғаның жоғарыда айтылып өткен қасиеттері оның өздігінен білім алуға дайындығын жоғары оқу орнын аяқтаған кешегі түлегіне аса қажетті бейімделу механизмі деп санауға болады. Яғни оның тиісті теориялық білімді меңгерген кәсіп иесі, маман ретінде қалыптасуы үшін кәсіби қызметіне еш қиындықсыз өтуін айтамыз. Білімдарлық және өздігінен білім алуды өзара тығыз байланысты ұғымдар. Өздігінен білім алдағы дайындық дегеніміз білімдарлықтың бір аспектісі екенін атап өту керек.

«Білімдарлық» ұғымын қарастырып көрейік. Білімдарлық қоғаммен адамға дербес және әлеуметтік маңыздылыққа ие сипатта, оның ниетіне, қажеттіліктеріне, қалауына, сәйкес белгілі бір кәсіби ортада әлеуметтік тәжірибені меңгеру үшін ұсынылатын білім алудың жиынтығы ретінде тұлғаның білімділігінің көрсеткіші емес.

Гегельдің айтуынша, білімдарлық дегеніміз — тұлға мәнге және ақиқатқа ие болу үшін, «қаншалықты білімді болса, соғұрлым шынайы күшке ие бола алатын» дербестікке қолжеткізу әрекеті. Заманауи жағдайларға байланысты кәсіби өздігінен білім алу кәсіби ептілік пен мобильділікке бағдарлы, кәсіби еңбек мазмұны және өзгермелі жағдайларда бейімделгіштік қабілеттердің қалыптасуына, өзара тұлғааралық қайшылықтарды және кәсіби фрустрацияларды болдырмауға, тұлғаның өз қабілеттерін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға бағдарлануы тиіс.

Ұстаздардың кәсіби өздігінен білімін алу мәселелерімен Л.Н.Куликова, И.Л.Науменко, Г.С.Сухобскаялар айналысқан. Бұлардың теориясында өздігінен білімін алу білім алушылардың үздіксіз дайындығын қамтамасыз етуші қажетті компонент ретінде қарастырылады. Ю.Н.Кулюткина және Г.С.Сухобскаялардың [6] пікірінше, өздігінен білімін алу дегеніміз – басқарушылық және бақылаушылық функциялары қатар жүретін өз-өзін реттеуші және өз-өзін басқара алатын қызмет. А.К.Громцева өздігінен білімін алуды зерделей келе, танымдық процестің ерекше түрлерінің бірі деп, оның өзіндік қасиеттерін анықтаған: педагогтың зерделеу практикасындағы танымы; арнайы меңгерілген мәліметтерде бекітудің жоқтығы; таным процесінің барлық кезеңдерінен саналы түрде өтуге тырысуы; ақпаратты іріктеп қабылдауы, алдын ала меңгерген білімді өзектендіруі. Өздігінен білімін алу шарттары танымдық үрдісте өзгеруші, ізденістік және жаңғыртушылық сипатта құрылады. Өздігінен білімін алудың елеулі қасиеттері болып өз бетінше іздену, білім меңгеру, жоғары ынта, дамуды жалғастыру болып табылады.

Аталған теория ережелерін пайдалана отырып, болашақ мұғалімнің «өздігінен білім алу» ұғымы ұстаздың саналы түрде өз бетінше және негізді себептермен маңызды кәсіби қасиеттерін дамытып, өзінде бар білімін көтеріп, жаңғыртып отырады, кәсіби шеберліктің өзі қалаған дәрежесіне дейін қолжеткізетін білік пен дағдыны игеріп, қалыптастыру мақсатындағы педагогикалық қызметтің түрі ретінде анықтаған.

Маңызды кәсіби қасиеттерді дамытуға бағытталған мұғалімнің өздігінен білім алу әрекеттері педагогтың өзіндік дербес кемелденуі және кәсіби шыңдалуын білдіреді.

М.Князев өздігінен білім алу қызметтерін қарастыра отырып, экстенсивті шоғырлану, яғни, сапасын емес санын көтеруге бағытталған жаңа білімді меңгеру; болжалды – қоғам мен мәдениетте өз орнын анықтау; компенсаторлық, яғни, мектептегі олқылықтарды теңгеруші, өз біліміндегі «ақ таңдандақтарды» жою функциясы; өзін-өзі дамыту – дүниені қабылдаудағы өз пайымын, сана-сезімін, жадын, ойлау сияқты шығармашылық қабілеттерін дамыту функциясы; әдіснамалық – жеке пайымындағы әлем келбетін жетілдіру, кәсіби саяздығын жеңу; коммуникативтік – ғылымдар, кәсіптер, қоғамдық топтар, жас алшақтықтар арасындағы байланысты орнату; ортақ шығармашылық – шығармашылық жұмыстардағы бағыттастық; креативті ойлауды дамыту – өзіндік ойлау инерциясын жеңу, қоғамдық позицияның құлдырауын болдырмау; психологиялық (психотерапиялық десек те болады) – болмыс толыққандылығын сақтау, адамзат парасаттылығы дамуына қатыстылықта

болып, оның озық дәрежесімен байланыс орнату; геронтологиялық – организмдер арқылы қоршаған әлеммен байланыста болу сияқты қызметтерді анықтайды.

Осылайша, өздігінен білім алу дегеніміз – оқыған, білімдар адамның өмірінің құрамдас бөлігі және өмір бойы айналысатын, шұғылданатын жаттығуы.

Қазіргі уақытта мамандардың кәсіби құзіреттілігіне қатысты мәселелер өзекті болып тұр. Мамандардың кәсіби деңгейінің төмен болуының бір себебі - оқыту және білім берудің дәстүрлі жүйесінде өз бетінше таным әрекетінің жоқтығы (немесе болмашы меншікті үлесі) болып табылады. Мамандардың кәсіби және кәсіпке дейінгі дайындығында үздіксіз білім беру жүйесінің міндетті компоненттерінің бірі болып табылуы тиіс [2]. Өздігінен білімін алу әрекеті оны жүзеге асыру іскерлігі – кез келген кәсіпқой маманның, әсіресе ақпараттық қоғамның қалыптасуы кезеңінде өмірдің барлық салаларына еніп жатқан жаңа технологиялар мен компьютерлік техника дамуының шарықтаған жылдары, ақпараттың қоғамның өзі тұрақты түрде жаңарып отыруын, ал адамдарға осы ақпаратты өзінің кәсіби әрекетінде қолданып түсінуге талап етеді. Бұл өз кезегінде адамнан жаңа білім, білік және дағдыны өз бетінше меңгеру іскерлігін талап етеді.

Болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алуы – студенттің атқарған жұмысындағы сипаттаманың шығармашылықпен байланысы және әдістемелік білімі, психологиялық-педагогикалық жаңа меңгерген өзіндік әрекетіндегі мақсатқа ұмтылушылығын айтамыз. Меңгерген білімін кеңейту, тереңдету, толықтыру; базалық білімінің кемшіліктерінің орнын толтыру және білімді алудың құралы болу; педагогикалық қызметінде өзіндік стилінің қалыптасуына ықпал жасау; өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілуінің құралы студенттің болашақ маман ретінде өздігінен білім алу қызметтерін атқарады [7]. Сондықтан да адамға кәсіби шыңдалған және оны қолдана алатын өздігінен білім алу икемділігі керек. Жоо-дағы болашақ мұғалімді дайындаудағы негізгі мақсаты — оның негізгі кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастырудағы позициялық құзыреттілік тұғырларын анықтау. Жоо-да жоғары кәсіби құзыреттілікке ие маманның дайындық мәселесін құзыретіне ала алмайды, себебі аталған құзыреттілік тек маманның кәсіби қызметінің барысында білінеді және қалыптасады. Болашақ мұғалім маманның кәсіби құзыреттілігінің негіздері оның Жоо-да оқып жүрген кезінен қалыптасады. Болашақ маманның өздігінен білім алудағы дайындығын қалыптастыру студенттердің өз бетінше танымдық әрекетінің негізгі үдерісінде жүзеге асады. Кең көлемдегі жаңа технологиялық құралдар адам өміріне елеулі өзгерістер ендіреді, интеллектуалдық қабілеттердің артуы, өндірістік және әлеуметтік қоғамда мағыналық әрекеттерді бағалау мен басқару операцияларының көлемінің артуына себеп болып отыр. Дәл осы аталған тенденциялар білім беру мазмұнын қайта қарауды талап етіп, заманауи білім беру жүйесінің өзгерістерін, тұлғаның өздігінен білім алуға дайындығы болатын мақсатының критерийлері және басты мүддені туындатады.

Мұғалімнің жалпы мәдениеті және кәсіби деңгейі тек қана алған және меңгерген білімі арқылы емес, сонымен қатар өздігінен білім алу жолымен білімін толықтыру қабілетімен анықталады. Сондықтан, жас мұғалімнің өздігінен білім алуға деген қабілеті қоғамның әлеуметтік тапсырысы болып табылады, мұндай қабілеттерді мектеп қабырғасында оқып жүрген кезден қалыптастыру қажет. Кәсіби шеберлікті тұрақты түрде үнемі жетілдірудің қажеттігі педагогикалық қызметтің ерекшелігімен шартталған, студенттер тек қана жоғары кәсіби біліммен ерекшеленіп қоймай, өз қызметінің шығармашылық жаңаруларды жүзеге асырудағы дайындығымен ерекшеленуі тиіс. Педагогикалық шеберлікті жетілдірудегі ұстаздың белсенділігі және жағымды, оң қарым-қатынасы ғана өздігінен білім алу үрдісіннің жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Өздігінен білім алу кәсіби құзыреттілікті дамытумен қатар, тұлғаның кәсіпке байланысты емес сипаттарын болжамдайды. Зерттеушілер өздігінен білім алудың түрткі-себептерін келесідей ажыратады: әлеуметтік, кәсіби және танымдық; сонымен бірге өздігінен білім алудың келесідей қағидаларын анықтайды: жаңа ақпаратты іздеу мен меңгеру барысындағы кезектілік; жүйелілік; жоспарлылық; нақты практикалық мәселелердің шешуін орындаумен кезектілік және байланыс. Осы тұста өздігінен білім алу үрдісі өзара байланысқан келесідей кезеңдерді қамтиды: мақсаттарды қою, мәселелерді айқындау, жоспарлау, ақпарат көздерін таңдау және олардың мазмұнын іріктеу, практикалық тапсырмаларды орындау, нәтижелерді диагностикалау және анықтау [8].

Болашақ мұғалімнің өздігінен білім алу құзыреттілігін қалыптастыруы – бұл оқушының дербес жұмыс арқылы өздігінен білім алуға ауысу үрдісі. Өздігінен білім алу сапасы тұлғаның өз қызметін ұйымдастыра ала білуіне тікелей тәуелді. Тұлғаменен білім беру үрдісіндегі педагогика негіздерінің құндылықтарын танып мойындауы субъектілі-объектілі қарым-қатынастарға деген көзқарастарының өзгеруі қазіргі адамтануда өзекті мәселелер қатарына жылжытуын туындатып, оның жолдарының

тиімділігін іздестірудің практикалық маңыздылығын алдын ала белгілейді. Кәсіби білім алу жоо-ның қабырғасында білім алуменен шектелмейді. Керісінше, қазіргі уақыттағы әлеуметтік орта, социумның тұрақсыздығы жағдайларында маманның бәсекеге қабілеттілігі өткір мәселелердің бірі болып тұрғанда, жаңа технологиялардың енуінің жылдамдығы аса дамыған жағдайларда, түрлі өндіріс қондырғыларының компьютерлік техникаға жаппай ауысуы кезеңінде, сонымен қатар ақпараттардың аз уақыт ішінде ескіруі, жаңадан даярланған маман социумның, яғни, әлеуметтік ортаның қатаң шарттарына кездесуі өзінің қосымша күшін (зияткерлік, психологиялық, физикалық) кәсіби ортаға бейімделу және сол ортада өз орнын табуға жұмсауы қажет.

Қоғамның өндіріс және өндірістік емес әлеуметтік салалары түгелдей дерлік ақпараттық технологиялармен қанықтығы өсуде, бұл өз кезегінде адамның кәсіби қызметінің табыстылығын компьютерлік техника арқылы білімін қолдануға және жаңа ақпарат тасымалдаушыға алмастыруына тәуелдейді. Соңғы бірнеше жыл уақыт ішінде дербес компьютердің екі дүркін жанаруы орын алды және оған тиіс ақпараттық қамтамасыздандыру да өзгергені қисынды жағдай. Әлбетте, жоо-да оқи жүріп, орта есеппен төрт-алты жыл мерзімде бітіруші-түлек менгерген шыққан ескірген технологияларды білумен қоғамдық ортаға қосылады. Мұндай жағдайларда өз бетіңше ізденіп жаңа білім алмай бәсекеге қабілетті маман болу екіталай және мүмкін емес. Кешегі студент жоо бітіргеннен соң тек кәсіби ортаға үйрену мерзімін қысқарту үшін ғана өздігінен білім алу керек емес, сонымен қатар пайда болып жатқан жаңа технологиялардан артта қалып қоймас үшін өз күшін барынша жұмылдыру нысанын табуы тиіс.

Өздігінен білім алу педагогтың жеке қабілеттері мен икемділіктерін ескере дербес тұлғалық-кәсіби дамуға қатысты мәселелерді таңдау еркіндігіне ықпалдастық жасайды. Педагогтардың өздігінен білім алу үрдісінің дербестікке деген тенденциясы озық тәжірибемен өзінің қолжеткізген жетістіктерін салыстыруға және теңестіруге мүмкіндік береді, педагогтың көңіл-күй жайына жағымды әсерін беріп, кәсібінің аясында өзі-өзіне деген сенімділікпенен қатар кәсіп талаптарына сай өзінің педагогикалық мүмкіндіктері мен қабілеттерінің дәрежесін жоғарлатуға әрекеттестігін көрсетеді. Бұл мамандық бойынша кәсіби маңызы зор қасиеттердің даму себептерін қалыптастыруға ықпал жасайды. Бұл мәселе бойынша И.Г.Вертилецкаяның жұмысы қызықтырақ, мәселен, әлеуметтік-экономикалық факторларды бөлуі, өздігінен білім алу тұрақтылығындағы педагогқа әсер етуші құнды бағдардың қалыптасуы, ұйымдасқан факторлар, педагогтың өздігінен білім алуына әсер етуші шарттар, психологиялық факторлар, өздігінен білім алуға әсер етуші танымдық түрткілер мен қызығушылықтар, педагогикалық факторлар, педагогтың кәсіби шеберлігінің ережелеріне сәйкестендіруі. Жоғарыда аталған бөлектеніп негізделген факторларды ескере И.Г.Вертилецкая педагогтың өздігінен білім алу белсенділігін көтерудің педагогикалық жағдайлар жүйесі мен қағидаларын анықтаған [9].

Білім сапасын арттырудың басты қағидалары болып білім сапасын көтеру жұмысының кезектілігі және кезеңділігі; мемлекет, білім басқармалары, ғылыми мекемелер, оқу орындары және педагог қауымы жауапкершілігін теңестіру; мұғалімдер және оқушылардың мүдделері мен құқықтарын қорғау; білім беру жүйесі үрдісінің сенімділігі; үрдіске қатысушы барлық тараптардың өзара қарым-қатынасын жүзеге асыру барысында білім мазмұнын жаңаға ауысуының жүйелілігі. Педагог кадрларының кәсіби шеберлігін арттыру бойынша жұмысты екі бағытта жүзеге асыру қажет: 1) педагог кадрлар дайындық сапасын көтеру; 2) мұғалім кадрлардың құзыреттілігін арттыру.

Педагог кадрлардың өздігінен білім алу сапасын арттыру үшін келесі жағдайларды қамтамасыз ету қажет: а) педагогикалық жоо түсуге дайындалу үшін талапкерлерді іріктеу жүйесін құру; б) әлемдік тәжірибені ескере мұғалімдерді даярлау тұжырымдамасын әзірлеу; в) нақты бір мамандық бойынша кадрлар даярлауға және оқу-әдістемелік әдебиеттерге жауапты оқу орнын белгілеу; г) педагог кадрларын даярлауды жүзеге асыратын барлық оқу орындарының аттестация және аккредитациясын өткізу; д) оқудың бірінші курсынан бастап әрбір оқу орнында болашақ мұғалімдердің практикалық дайындығын күшейту үшін эксперименталды алаң құру; е) педагогикалық колледждер бакалаврлар дайындауға көшуі тиіс.

Қорыта айтқанда, кәсіби маңызды қасиеттерді дамытуға бағытталған педагогтардың өздігінен білім алу үрдісін жоспарлау үшін біліктілікті арттыру барысында кәсіби маңызды қасиеттерді дамытуға ықпал ететін педагогикалық жағдайларды нақтылау және ашу қажет. Мұғалімнің үздіксіз өздігінен білім алуға деген дайындығы тұлғаның динамикалық қасиеті ретінде педагогикалық әрекетте өзінің қызметтік әлеуетін белсенді түрде жүзеге асыруға танымдық, мотивациялық және практикалық дайындығы негізінде тұтас және өзара байланыста болуы тиіс. Заманауи жоғары

мектепке тұрақты түрде кәсіби біліктілігін арттырып отыратын, өздігінен білім алу және өзінің кәсіби деңгейінің өсуі үшін қажетті формалар мен бағыттарды таңдай білуге қабілетті мұғалім дайындау керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» // Казахстанская правда. — 2017. — № 20. — С. 1.
- 2 Ушинский К.Д. Избранные труды / К.Д. Ушинский; сост. П.А. Лебедев. — М.: Знание, 1998. — 222 с.
- 3 Михайлова Н.С. Основы самообразовательной деятельности: электрон. учеб. изд. / Н.С.Михайлова. — Беларусь, 2004. — 36 с.
- 4 Сериков В.В. Образование и личность: теория и практика проектирования образовательных систем / В.В. Сериков. — М.: Логос, 1999. — 272 с.
- 5 Калугин Ю.Е. Связующие элементы образования и самообразования: учеб. пособие / Ю.Е. Калугин. — Челябинск: Изд-во ЮУрГУ, 1998. — 104 с.
- 6 Куликова Л.Н. Проблемы саморазвития личности / Л.Н. Куликова. — Благовещенск: Изд-во БГПУ, 2001. — 342 с.
- 7 Князева М.Л. Ключ к самосозиданию / М.Л. Князева. — М.: Мол. гвардия, 1990. — 91 с.
- 8 Пелагейченко Н.Л. Условия организации самообразования будущих учителей: программа междунар. науч.-практ. конф. 16-17 февраля 2012 г. — Новосибирск, 2012. — С. 12–14.
- 9 Вертилецкая И.Г. Активизация самообразования учителя в системе повышения квалификации: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.08 / И.Г. Вертилецкая. — Новокузнецк, 2007. — 25 с.

А.Р. Боранбаева, К.М. Беркімбаев, К.М. Арымбаева

Перспективы и проблемы самообразования будущих учителей

В статье рассматриваются вопросы самообразования будущих учителей как компонента развития в информационной среде современного общества. В настоящее время молодежь стремится к получению образования самостоятельно, самообразование для личности общественно значимо и полезно, направлено на эффективное повышение общего и профессионального знания. Проанализированы психолого-педагогические труды, теоретические и методологические подходы к исследованию проблемы самообразования и рассмотрены в аспекте историко-философского развития. Уточнено понятие «самообразование» применительно к учителю как специалисту, осуществляющему свою профессиональную деятельность в условиях современной школы. Выделены особенности проявления и уровни познавательной деятельности студентов как основы их подготовки к самообразованию. Определены признаки и функции самообразования. Проведено исследование, в ходе которого авторами были решены задачи определения отношения студентов к самообразованию и саморазвитию, определены условия развития умений самообразовательной деятельности, разработаны пути стимулирования будущего учителя к самообразованию в процессе профессиональной подготовки.

Ключевые слова: самообразование, образование, технология, компетентность, профессиональный, информационный, система образования, самообучение, саморазвитие, самосовершенство.

A.R. Boranbayeva, K.M. Berkimbayev, K.M. Arymbayeva

The prospects and problems self-education of future teachers

The article deals with the issues of self-education of future teachers as a component of development in information environment of modern society, and also that nowadays the youth strives to obtain knowledge themselves, self-education for the person is publicly important and useful, aimed at efficient improvement of general and professional knowledge. Psychological and pedagogical researches and theoretical and methodological approaches to the study of self-education are analyzed and considered it in terms of the historical and philosophical development. The authors have elaborated the concept of «self-education» in relation to the teachers as a specialist, carrying out their professional activities at the modern school. Highlighted the peculiarities of the occurrence and levels of cognitive activity of students as the basis of their preparation for self-education. Defined the characteristics and functions of self-education, in which issues of self-education is a means of saturation throughout life. The research is conducted, during which the authors solved the problem of determining the attitude of students towards self-education and self-development, the conditions for the

development of skills of self-educational activities, developing ways of stimulating the future teacher to educate themselves in the process of professional training.

Keywords: self-education, education, technology, competence, professional, information, system education, self-training, self-perfection.

References

- 1 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan N.A.Nazarbaeva narodu Kazakhstana «Tretia modernizatsiia Kazakhstana: hlobalnaia konkurentosposobnost» [Message to the people of Kazakhstan President of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev «Third modernization of Kazakhstan: global competitiveness»]. (2017) [in Russian].
- 2 Ushinskiy, K.D. (1998). *Izbrannyye trudy [Select labours]*. Compiled by P.A. Lebedev. Moscow: Znanie [in Russian].
- 3 Mihaylova, N.S. (2004). *Osnovy samoobrazovatelnoi deiatelnosti [Bases of self-educational activity]*. Belarus [in Russian].
- 4 Serikov, V.V. (1999). *Obrazovanie i lichnost [Education and personality]*. Moscow: Logos [in Russian].
- 5 Kalugin, Yu.E. (1998). *Sviaziushchie elementy obrazovaniia i samoobrazovaniia [Binding elements of education and self-education]*. Cheliabinsk: Izdatelstvo YuUrHU [in Russian].
- 6 Kulikova, L.N. (2001). *Problemy samorazvitiia lichnosti [Problems of self-development of the personality]*. Blagoveshchensk: Izdatelstvo BHPU [in Russian].
- 7 Knyazeva, M.L. (1990). *Kliuch k samosozidaniiu [Key to self-creation]*. Moscow: Molodaia hvardiia [in Russian].
- 8 Pelageychenko, N.L. (2012). Usloviia orhanizatsii samoobrazovaniia budushchikh uchitelei [Conditions of the organization to self-education of future teachers.]. *Prohramma mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii (16-17 fevralia 2012 hoda) – Program of the international scientific and practical conference* [in Russian].
- 9 Vertiletskaya, I.G. (2007). Aktivizatsiia samoobrazovaniia uchitelia v sisteme povysheniia kvalifikatsii [Activization of self-education of the teacher in system of professional development]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Novokuznetsk [in Russian].